

БЕКІТЕМІН

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

қабылдау комиссиясының төрағасы,

Басқармалоратасы-Ректор

Тұймебаев Ж.К.

« 17 »

2024 ж.



**«B042 – Журналистика және репортер ісі»
білім беру бағдарламалар тобы бойынша
түсушілерге арналған шығармашылық емтиханның
БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Жалпы ереже

1.1 Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуга қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанды № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

1.2 Үлгілік ережелердің 2-қосымшасына сәйкес «B042 – Журналистика және репорттер ісі» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандар келесі форматта тапсырылады:

- 1) Шығарма.
- 2) Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу.

1.3 Шығармашылық емтихандарды үйымдастыру және өткізу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының шешімімен емтихан өткізу кезеңінде емтихан комиссиясы құрылады.

Қабылдау комиссиясының құрамына ҚазҰУ-дың профессорлық-окытушылық құрамы, бұкаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық үйымдар өкілдері кіреді.

1.4 Шығармашылық емтихандарды тапсыруға «Оқу сауаттылығы» пәнінен кемінде 3 балл, «Қазақстан тарихы» пәнінен кемінде 5 балл жинаған талапкерлер жіберіледі.

1.5 Шығармашылық емтихандарға өтініштер күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 10 тамызына дейін қабылданады (грант конкурсына катысу үшін 6 шілдеге дейін – барлық облыстар, 15 шілдеге дейін – төтенше жағдай жарияланған облыстар үшін (Ақмола, Ақтөбе, қ.) Атырау қ., Қостанай қ., Солтүстік Қазақстан облысы) әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінде Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы (бірінші қабат) мекенжайы бойынша өтеді.

1.6 Шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 7-13 шілдесі және 11-15 тамыз аралығында откізіледі. Төтенше жағдай жарияланған өнірлер үшін (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Костанай, Солтүстік Қазақстан облыстары) – күнтізбелік жылдың 7 шілдесі мен 20 шілдесі аралығында.

1.7 Шығармашылық емтихандардың өту кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына бұл туралы құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі және университеттің ресми сайтында www.kaznu.kz, <https://farabi.university/> жарияланады.

1.8 Талапкерлердің шығармашылық емтихандарға жіберілуі жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

1.9 Талапкерлерге шығармашылық емтихандар басталғанға дейін емтихан материалдары беріледі және титулдық парактарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, жауап беру регламенті, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру ресімі көрсетіледі.

1.10 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады және Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

1.11 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары - бағалау парагымен, рұқсат беру парагымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

1.12 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

1.13 Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

1.14 Қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыруши тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында құрамы төрағасын қоса алғанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

1.15 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған тұлғаның өзі береді, апелляция шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13.00-не дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

1.16 Апелляциялық комиссияның шешімі апелляциялық өтініш негізіндегі отырыска оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса занды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляцияға қатысты шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы тораға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

1.17 Жоғары білімнің білім беру грантын алған талапкерлер шығармашылық емтихан тапсырған **ЖОО-ға** қабылданады.

1.18 Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (2-3-топтағы мүгедектер) электрондық цифрлық құралдарды (компьютер, ноутбук) мен прокторинг жүйесін бірінші шығармашылық емтиханда пайдалануға құқығы бар. Сонымен қатар қажет болған жағдайда қабылдау комиссия өкілінің техникалық көмегіне сүйене алады.

2. «B042 – Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалар тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

1-ші шығармашылық емтихан

Берілген тақырыптардың біріне шығарма. Шығарма жазуға 3 сағат бөлінеді. Шығармашылық емтиханың ережелерімен және тақырыбымен танысу емтиханнан 30 минут бұрын жүзеге асырылады.

Талапкердің тандауына шығарманың түрлері

Түрлері	Сипаттамасы	Көлемі
Мотивациялық	Талапкердің журналистика немесе қоғаммен байланыс, медиакоммуникацияны үйренуге ынталандырудың себептері туралы дәлел.	кем деңгендеге 500 сез
Проблемалық	Қазіргі журналистиканың, қоғаммен байланыстың немесе цифрлық медиа-коммуниацияның өзекті мәселелері бойынша өз пікірін білдіру	(1000-ға дейін)

Шығарма тақырыптарының үлгілі тізімі:

1. Мен оқыған журналист.
2. Репортер атауының өзектілігі.
3. Менің арманымдағы теледидар.

4. Онлайн журналистика және жаңа медиа.
5. Шетелдік корреспонденттің жұмысы.
6. Имидж бен бедел – табыс компоненттері.
7. Менің елім – Қазакстан.
8. Әлемді өзгерткен – пандемия.
9. Қоғаммен байланыс адамды қалай атақты етеді?
- 10.БАК, PR, әлемдік коммуникациялар – болашақтың цифрлық болмысы.

Шығарманы бағалау критерийлері:

Критерии	Дескрипторы	Баллы
Тақырыпты ашу өзектілігі	Тақырып ашылды; фактілер орынды және ерекше түрде колданылады	20
	Мәселені ашуда өзіндік көзкарас (позиция, катынас) ұсынылды	5
Мазмұны, стилі және құрамы	Логикалық мазмұндау, көз жеткізерлік дәлелдер мен тұжырымдар; мәтін құрамының айқындылығы, ойлылығы; мазмұның өміршешендігі, бейнелілігі, эмоционалдылығы	15
Сөйлеу мәдениеті	Жазба тілдің нормаларын менгеруі; сөздік қордың молдығы мен әртүрлігі, даяр сөз орамдары мен дайын сөз үлгерінің болмауы	10
Максимальный балл		50

*5 балдан төмен - қанагаттанарлықсыз баға

2-ші шығармашылық емтихан

Көсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу – комиссия мүшелерінің талапкерлермен әңгімелесу түрінде ауызша өткізіледі. Әңгіме әрбір талапкермен емтихан билетін таңдау арқылы жеке жүргізіледі және талапкер бұл емтиханда портфолиосын (бар болса) ұсынады. Сұрақтар мен жауаптарды бағалау хаттамада тіркеледі. Ауызша емтиханда талапкерге 10-15 мин беріледі.

Көсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу тақырыптарының үлгі тізімі:

1. Қазіргі әлемдегі ақпарат.
2. Журналистика қызмет саласы ретінде.
3. Қазақстандық журналистер.
4. Халықаралық ақпараттық агенттіктер.
5. Сүйікті шығармаларым.
6. Сөз бостандығы.
7. Қазақстанның Тәуелсіздігі.
8. Шетелдік баспасөз.
9. Әлеуметтік желілер.
10. Шетелдік елшіліктерде ақпараттық жұмыс жүргізу.
11. Журналистика және саясат.
12. Халықаралық оқиғалар мен қақтығыстар.

13. Танымал брендтерді құру.
14. Баспасөз қызметі.
15. Жарнама және оның мәні.

Әңгіме жүргізу барысында талапкерге мынадай сұраптар койылуы мүмкін:

- өмірбаяндық жоспар (кажет болған жағдайда);
- талапкерлердің таңдаған кәсібі мен мамандығының бағыт-бағдарын қай деңгейде білетіндігін анықтау;
- талапкердің қоғамдық-саяси дайындық деңгейін анықтау;
- БАҚ, қоғаммен байланыс немесе медиа-коммуникация материалдарында оның бағдарлануын анықтау;
- ойлаудың дербестігін анықтау;
- қоғамтану, тарих, мәдениет бойынша жалпы білім беру бағдарламасы аясында талапкердің эрудициясын анықтау. Талапкердің тарих, мәдениет саласындағы білім деңгейін; қоғамда болып жатқан белгілі бір оқиғаларға деген көзқарасын; қоғамның пікірталас мәселелері бойынша пайымдауларын анықтау;
- Қызығушылықтар шенберін, ой-өрісті, әр түрлі кәсіп пен қызмет түрлеріне бейімділікті анықтау;
- Талапкердің мінез-құлқын бақылау арқылы психологиялық қасиеттерін анықтау (байқау, ассоциативті, бейнелі ойлау қабілеті, зейінді жедел ауыстыру, аналитикалық ойлау қабілеті, сөйлеудің мәнерлілігі, коммуникабельділік, тапқырлық және т.б.).

Комиссия алқалы түрде әңгімелесу емтиханын корытынды бағалау туралы шешім қабылдайды, кажет болған жағдайда ерекше ескертулерді тіркейді.

Портфолиоға кіреді:

- БАҚ-та жарияланған жеке материалдар, аудио - бейнематериалдар, фотосуреттер және олармен бірге жүретін мәтіндер, дизайнерлік әзірлемелер және жобалар;
- Журналистика, халықаралық журналистика және PR бойынша шығармашылық конкурстарға қатысу, жеңістер туралы күжаттар (грамоталар, дипломдар, куәліктер, сертификаттар және т.б.).

Әңгіме жүргізуде кәсіби жарамдылықты бағалау критерийлері

Критерийлер	Дескрипторлар	Балы
Семантикалық тәсіл	әрудицияны көрсету, жауаптардың сенімділігі мен сенімділігі, негізгі және қосымша ақпаратты бөлектеу	20
Жүйелік тәсіл	фактілердің байланысын, шығармашылығын, байқауын, ассоциативті елестету ойлау қабілетін көрсету	20
Тұлғалық-бағдарлы тәсіл	әр түрлі сұраптарға жауап беру кезіндегі жеке тәсілді, сөйлеу мәнерлілігін, көпшілдік, тапқырлықты білдіру	10

*5 балдан төмен - қанагаттанарлықсыз баға.

3. Шығармашылық емтихандарды өткізу

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі (онлайн) форматта қабылданады.

4. Дайындық үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Колесниченко А.В. Практическая журналистика. - М. Изд.: Юрайт. - 2020.
- Есхуатова Н.Б. Блоговая журналистика: учеб. пособие. – Алматы. Изд.: Казақ университеті. - 2018.
2. Ибраева Г.Ж. Зарубежная журналистика. – Алматы. Изд.: Қазақ университеті. - 2018.
3. Назарбаев Н.А. Эра независимости. – Астана. - 2017.
4. Ибраева Г.Ж. Журналистика Казахстана перед новыми вызовами. – Алматы. Изд.: Қазақ университеті. - 2017.
5. Сұлтанбаева Г.С. Мультимедиалық журналистика: оқу күралы. – Алматы. Изд.: Қазақ университеті. - 2016.
6. Ахметова Л.С. Пресс-релиз. Пресс-конференция. Опыт работы. – Алматы. Изд.: Қазақ университеті. - 2013.
7. Нургожина Ш.И. Основы журналистики. – Алматы. Изд.: Қазақ университеті. - 2012.
8. Тлепбергенова А.А. Страновой имидж. – Алматы. Изд.: Қазақ университеті. - 2011.
9. Негизбаева М.О. Организация маркетинговых коммуникаций в СМИ. – Алматы. Изд.: Қазақ университеті. - 2011.
10. Козыбаев С. К., Нода Л. П., Рожков А. В. Журналистика Казахстана. Энциклопедия. – Алматы. Изд.: Экономика. - 2006.

